

Аңшы куәліктерін беру жөніндегі есептіліктің нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/404 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 23 шілдеде № 11735 болып тіркелді

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған аңшы куәліктерін беру жөніндегі есептіліктің нысаны б е к і т і л с і н .

2. «Аңшы куәлігін беру бойынша есептілік нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 25-03-02/122 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7513 болып тіркелген, 2012 жылы 26 мамырдағы № 269-273 (27347) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен м ы н а л а р д ы :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл шаруашылығы министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұ л т т ы қ э к о н о м и к а м и н и с т р і
Е. Досаев

2015 ЖЫЛҒЫ « ____ » _____

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 18 - 03 / 404 бұйрығымен
бекітілген
Нысан

Аңшы куәліктерін беру жөніндегі есептіліктің нысаны

Р/с №	Аңшы куәлігі кімге берілді, тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Тестілеу хаттамасы (күні, нөмірі)	Берілген сертификаты (нөмірі, күні , қолдану мерзімі)
1	2	3	4

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК